

Әкімдіктің 2018 жылғы 4 маусымдағы № 59 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 6 мамырдағы № 87 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 мамырда № 9167 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 11 мамырдағы № 93 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 11.05.2021 № 93 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 18-бабына, 139-бабының 9-тармағына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2018 жылғы 4 маусымдағы № 59 қаулысына (2018 жылғы 27 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7845 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.";

көрсетілген қаулының қосымшасында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі";

6-тармақ алынып тасталсын.

2. "Амангелді ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Амангелді ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Амангелді ауданының әкімі

А. Асанов